

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

Мақсаты: «Тәрбие - оқыту үрдісінде заманауи әдістерді қолдану барысында ұжымның заман талабына сай қызмет көрсету дербестігін арттыру, функционалдық сауаттылықты және педагогикалық инновацияларды дамыту»

№ 1 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

Тамыз

Тақырыбы: «2025 - 2026 жаңа оқу жылындағы бөбекжай қызметінің негізгі бағыттары»

Өткізу формасы: Нұсқаушы

№	Мазмұны	Негіздеме	Жауаптылар
1	1. Педагогикалық кеңестің төрағасы және хатшысын сайлау. Педагогикалық ұжымды 2025- 2026 оқу жылының әдістемелік-нұсқаулық хат, «Адал Азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы іске асыру, стандарт, үлгілік оқу бағдарламасы, үлгілік оқу жоспарымен таныстыру және жылдық және оқу жоспарларын бекіту.	Жылдық жоспар «Адал Азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асырудың маңызы	Директор Әдіскер
2	2. Ұйымдастырылған іс әрекеттердің кестесін, күн тәртібін бекіту.	перспективалық жоспарлар, ҰІӨ кестесі, күн тәртібі	Әдіскер
3	3. Топтардың жабдықталуы, жаңа оқу жылына дайындығы - салыстырмалы тексеру қорытындысы.	Қорытынды анықтама	Директор Әдіскер
4	4. 2025-2026 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымдарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру	2025-2026 оқу жылының әдістемелік нұсқаулық хатпен танысу	Директор Әдіскер

«Айша» бөбекжай-балабақшасы

№1 ХАТТАМА

28.08.2025 жыл

№1 педагогикалық кеңес

Төрайымы: Акжигитова У.М

Хатшы: Ақпанбетова А.Ж

Қатысқандар: 10

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Педагогикалық кеңестің төрағасы мен хатшысын сайлау. Педагогикалық ұжымды 2025-2026 оқу жылының әдістемелік-нұсқаулық хат, «Адал Азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы іске асыру, стандарт, үлгілік оқу бағдарламасы, үлгілік оқу жоспарымен таныстыру және жылдық және оқу жоспарларын бекіту.

2. Ұйымдастырылған іс-әрекеттердің кестесін, күн тәртібін бекіту.

3. Топтардың жабдықталуы, жаңа оқу жылына дайындығы – салыстырмалы тексеру қорытындысы.

4. 2025–2026 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымдарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру.

1-ТЫНДАЛДЫ:

Бөбекжай-бақша директоры Акжигитова У.М

Педагогикалық кеңес төрағасы мен хатшысын сайлау жөнінде ұсыныс жасады.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Хатшы лауазымына бөбекжай-бақшаның штаттық хатшысы ұсынылды. Егер хатшы штатта болмаған жағдайда, бұл міндетті әдіскер атқаратыны келісілді. Барлық педагогтар ұсынылған кандидатты бірауыздан қолдап, келісімдерін білдірді.

2-ТЫНДАЛДЫ:

Балабақша әдіскері У.М. Акжигитова: педагогикалық ұжымды 2025–2026 оқу жылына арналған әдістемелік-нұсқаулық хат, «Адал Азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы, стандарт, үлгілік оқу бағдарламасы және үлгілік оқу жоспарымен таныстырды. Жылдық және оқу жоспарлары

ұсынылды. Сонымен қатар 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық жоспардың мазмұнымен таныстырды.

Әдіскер өз сөзінде жылдық жоспардың негізгі бағыттарына тоқталды:

1. Педагогтердің біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру
2. Педагогикалық- ұйымдастырушылық-жұмыс
3. Тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара қарым-қатынас.
4. Орта білім беру ұйымдарымен өзара іс-әрекет.
5. Мектепке дейінгі ұйымдарда жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру бойынша жұмыс
6. Бақылау: бақылау түрлері мен мазмұны.
7. Әкімшілік-шаруашылық жұмыс.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Тәрбиешілер жоспарға ұсыныстарын білдірді.

Бірі жоспардағы танымдық бағыттағы іс-шараларды ұлттық салт-дәстүрлермен көбірек байланыстыруды ұсынды.

Екіншісі ата-аналармен өткізілетін жұмыстарды әр ай сайын тақырыптық форматта түрлендіруді атап өтті.

Кейбір педагогтар шығармашылық бағыттағы тәжірие алмасуды көбейтуді сұрады.

3-ТЫНДАЛДЫ:

2025–2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттердің кестесі мен күн тәртібін әдіскер Ақжигитова У. ұсынды.

Күн тәртібінің балалардың жас ерекшелігі мен физиологиялық қажеттіліктеріне сәйкес жасалғанын атап өтті. Әр топқа арналған ұйқы, тамақтану, серуендеу, дене шынықтыру және ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің нақты уақытпен белгіленгенін түсіндірді.

Күн тәртібі бойынша әдістемелік кеңесте талқыланып, барлық педагогтердің онымен танысқаны, қарсылықтары жоқ па екендігі сұралғаны айтылды.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Меңгеруші күн тәртібінің балалардың физиологиялық дамуына сай жасалғанын оң бағалап, оны бұлжытпай орындаудың маңыздылығын атап өтті.

Тәрбиешілер ұсынылған кестенің ыңғайлы екенін атап өтті. Сондай-ақ кейбір вариативтік іс-әрекеттерді түстен кейін орналастыру балалардың қызығушылығын арттыратынын айтты. Дене шынықтыру нұсқаушысы мен музыка жетекшісі арналған уақыттардың кестеде дұрыс қойылғанын, бір-бірімен сәйкес келетінін, сондықтан ешқандай қиындық туындамайтынын атап өтті.

4-ТЫНДАЛДЫ:

Өкімшілік мүшелері топтардың жаңа оқу жылына дайындығы бойынша салыстырмалы тексеру қорытындысын баяндады. Баяндамаларында әр топтың материалдық-техникалық жабдықталуы, оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілу деңгейі, көрнекіліктердің толықтығы талданды. Сондай-ақ жиһаздар, ойыншықтар, спорттық жабдықтар, кітап бұрыштары мен дамыту орталықтарының жағдайы тексерілгені айтылды. Өрт қауіпсіздігі мен санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкестігі қарастырылды. Кейбір топтарда оқу құралдары жаңартылғаны, ал жекелеген топтарда әлі де жетіспейтін жабдықтардың бар екендігі анықталды. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында төтенше жағдайға арналған жоспардың жаңартылғаны жеткізілді.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

- Меңгеруші оқу жылының басталуына дейін барлық анықталған кемшіліктерді жоюдың маңыздылығын атап өтті.
- Әдіскер дидактикалық материалдарды толықтыру, оқу бағдарламасына сәйкес көрнекіліктерді жаңарту қажеттігін ұсынды.
- Тәрбиешілер кейбір қажетті құрал-жабдықтардың уақытылы жеткізілмегенін айтып, оларды жедел алу мәселесін көтерді.
- Медбике санитарлық талаптарды қатаң сақтау, ойыншықтарды жүйелі түрде зарарсыздандыру, балалардың денсаулығын қорғауға ерекше назар аудару керектігін айтты.

5-ТЫНДАЛДЫ:

Бөбекжай-бақша әдіскері 2025–2026 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымдарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстырды.

Әдіскер өз сөзінде әдістемелік нұсқау хаттың негізгі ерекшеліктерін атап өтті:

Жан-жақты – қауіпсіздік, ұлттық құндылықтар, тіл үйрету, экологиялық мәдениет, ата-анамен жұмыс, ойын арқылы дамыту сияқты бағыттарды қамтиды.

Практикалық қолдау береді – педагогтерге оқу-тәрбие процесін жоспарлауға арналған нақты әдістемелік ұсынымдар ұсынады.

Жаңашылдықтар – «Тілге бойлау», «Жасыл балабақша», «Беске дейін үлгер» сияқты жаңа жобалары таныстырылды

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Тәрбиешілер мен педагогтер әдістемелік нұсқау хат мазмұнын оқу-тәрбие жұмысында басшылыққа алу керектігін, құжаттағы ұсыныстар тәжірибеде тиімді болатынын меңгеруші атап өтті.

Музыка жетекшісі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға арналған ұсыныстардың артуын оң бағалап, мерекелік ертеңгіліктер мен іс шараларды түрлендіру қажеттігін айтты.

Психолог хатта көрсетілген әлеуметтік-эмоциялық даму бағыттарын тәжірибеге енгізу балалардың мінез-құлқына оң әсер ететінін жеткізді.

Дене шынықтыру нұсқаушысы салауатты өмір салтын қалыптастыру мен қозғалыс белсенділігін арттыру шараларының нақты көрсетілгенін оң бағалады.

Педагогтар жаңа оқу жылында нұсқау хаттағы талаптар мен әдістемелік ұсыныстарды басшылыққа ала отырып, оқу-тәрбие процесін жетілдіруге бірауыздан келісті.

Шешім:

1. Педагогикалық кеңестің төрайымы болып Аюкигитова Улмекен, хатшысы болып Ақпанбетова Ақбөбек сайлансын.
2. «Айша» бөбекжай-балабақпасының 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық жоспары бекітілсін.
3. Ұйымдастырылған іс-әрекеттердің кестесі мен күн тәртібі бекітілсін.
4. Топтардың жабдыкталуы мен жаңа оқу жылына дайындығы қанағаттанарлық деп танылсын.
5. 2025–2026 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хат педагогикалық ұжымға таныстырылды, жұмыста басшылыққа алу міндеттеледі.

Төрайымы:

Аюкигитова У.М

Хатшы:

Ақпанбетова А.Ж



№2 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

Тамыз

Тақырыбы: «Асық технологиясын қолданудың тиімділігі»

Өткізу формасы: Нұсқаушы

№	Мазмұны	Негіздеме	Жауаптылар
1	1.Өткен педкеңес шешімінің орындалуының есебі.	№1 педкеңес шешімі	Директор Әдіскер
2	2.Баяндама: «Мектепке дейінгі білім беру үдерісінде «Асық» технологиясын тиімді пайдалану арқылы балалардың жан-жақты дамуына ықпал ету мүмкіндіктері.» Баяндамашы: Төребаева Г.	Баяндама	тәрбиеші
3	3.Балалардың тәрбие мен білім алу дағдыларының қалыптасуының мониторингісі.	Қорытынды кесте	Әдіскер
4	4.Таңғы жаттығуларды бақылау нәтижесі (ерте, кіші, ортаңғы топтары.)	Бақылау анықтамасы	Директор Әдіскер
5	5.Бірінші жарты жылдықтағы топтардың ұйымдастырылған іс әрекет бақылау парағы нәтижесінің қортындысы.	Бақылау анықтамасы	Директор Әдіскер

ЖК «Айша» балабақшасы

№2 ХАТТАМА

25.12.2025 жыл

№2 педагогикалық кеңес

Төрайымы: Ақжигитова У.М

Хатшы: Ақпанбаева Ж.А

Қатысқандар: 10

Қатыспағаны: 0

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Өткен педкеңес шешімінің орындалуының есебі.
2. Баяндама: «Мектепке дейінгі білім беру үдерісінде «Асық» технологиясын тиімді пайдалану арқылы балалардың жан-жақты дамуына ықпал ету мүмкіндіктері.» Баяндамашы: Төребаева Г.
3. Балалардың тәрбие мен білім алу дағдыларының қалыптасуының мониторингісі.
4. Таңғы жаттығуларды бақылау нәтижесі (кіші, ортаңғы, ересек топтар)
5. Бірінші жарты жылдықтағы топтардың ұйымдастырылған іс әрекет бақылау парағы нәтижесінің қортындысы.

1-ТЫНДАЛДЫ:

Балабақша әдіскері Ақжигитова У.М

өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалу барысы туралы есеп берді.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР: Директор өз сөзінде әдіскердің есебі бойынша толықтырулар мен ескертулер айтылды.

2-ТЫНДАЛДЫ:

Тәрбиеші Төребаева Гүлзада мектепке дейінгі балалардың жан-жақты дамуына «Асық» технологиясын қолданудың маңыздылығын атап өтті. Баяндама барысында келесі негізгі мәселелер талқыланды:

- «Асық» технологиясын балалардың логикалық, шығармашылық және физикалық қабілеттерін дамытуда қолдану тәсілдері мен әдістері
- Балалардың өз мүмкіндіктерін түсінуі, топта жұмыс істеу дағдыларын және шешім қабылдау қабілеттерін жетілдіру

- Ата-аналармен, тәрбиешілермен бірлесіп асық ойындарын оқу-тәрбие үдерісіне енгізу

Педагогикалық кеңес мүшелері баяндамаға толық қолдау көрсетті.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Әдіскер Акжигитова У: «Асық» технологиясын қолдану барысында ойын әдісін пайдалану және ата-аналармен тұрақты жұмыс жүргізуді ұсынды.

Тәрбиеші Сапарова Гулшат: «Асық» технологиясы балалардың моторикасын, когнитивтік және әлеуметтік дағдыларын дамытуға ықпал ететінін, арнайы ойындар арқылы балалардың шығармашылық және логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру маңызды екенін айтты.

3-ТЫНДАЛДЫ:

Әдіскер Акжигитова У балалардың тәрбие мен білім алу дағдыларының қалыптасуы бойынша мониторинг қорытындыларын ұсынды. Балалардың даму деңгейі әр топта әртүрлі екенін, бірақ жалпы алғанда, тәрбие мен білім беру бағытындағы жұмыстардың нәтижесі оң екені атап өтілді. ҰДББ балалардың жеке даму картасы оқу жылының соңында толтырылатыны туралы атап өтті.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Тәрбиеші Төребаева Г. өз сөзінде бақылау парақтары негізінде балалардың жеке даму карталарын толтыратынын және балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, әртүрлі оқу әдістемелерін қолдану арқылы танымдық дағдыларында оң өзгерістердің байқалғанын айтты.

4-ТЫНДАЛДЫ:

Әдіскер Акжигитова У. тақырыптық бақылау қорытындысын баяндады. Таңғы жаттығулардың балалардың физикалық дамуына, денсаулығына және жалпы көңіл-күйлеріне тигізетін әсері талқыланды.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Тәрбиешілердің пікірлері:

1. Кіші топ:

Жаттығулар балалардың негізгі қозғалыс дағдыларын дамытуға, үйлесімділігін арттыруға бағытталды. Тәрбиешілер балалардың жаттығуларды қызығушылықпен орындағанын, сондай-ақ олардың қозғалыс үйлесімділігінің артқаны байқалғанын айтты. Балалардың

денсаулығында оң өзгерістер, олардың көңіл-күйлері жақсарғаны айтылды.

2. Ортаңғы топ:

Бұл топтағы жаттығулар күш пен икемділікті арттыруға бағытталды. Балалар күрделі қозғалыстарды орындау арқылы физикалық дамуларын жетілдірді. Тәрбиешілер балалардың белсенділіктері артқанын, олардың жаттығуларға деген ынталарының жоғарылағанын атап өтті.

3. Ересек топ:

Жаттығулар балалардың жалпы дене шынықтыру деңгейін арттыруға, физикалық күштерін дамытуға бағытталды. Балалардың жаттығуларды белсенді және дұрыс орындауы олардың денсаулығына жақсы әсер етті. Тәрбиешілер балалардың физикалық жағдайы мен көңіл-күйлерінде айтарлықтай жақсару байқалғанын айтты.

5-ТЫНДАЛДЫ:

Әдіскер Аюкигитова У. бірінші жарты жылдықта топтарда жүргізілген ұйымдастырылған іс-әрекет бақылау парақтарының қорытындыларын ұсынды. Бақылауда тәрбиешілердің тәрбие мен оқыту процесін ұйымдастыруы, әдіс-тәсілдерді қолдануы, балалардың белсенділігі мен қызығушылығы, дамытушы орта сапасы талданғаны айтылды. Көпшілік топтарда ұйымдастырылған іс әрекеттер жүйелі жүргізілетіні, алайда жекелеген бағыттар бойынша әдістемелік қолдау қажеттігі көрсетілді.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Директор бақылау нәтижелері педагогтардың кәсіби өсуіне және оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыруға бағытталғанын атап өтіп, анықталған ұсыныстарды жұмыс барысында ескеруді тапсырды.

Әдіскер балалардың эмоционалдық дағдыларын дамыту бағытын күшейтуді ұсынды.

Тәрбиешілер көрсетілген әдістемелік қолдау үшін ризашылық білдіріп, өз топтарының нәтижелерін талдай отырып, алдағы кезеңде дамыту бағытындағы жұмыстарды жалғастыратынын айтты.

Шешім етті:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы бойынша есеп тыңдалды және орындалғаны қанағаттанарлық деп танылсын.

2. Мектепке дейінгі білім беру үдерісінде «Асық» технологиясын тиімді пайдалану арқылы балалардың жан-жақты дамуына ықпал ету

мүмкіндіктері.» тақырыбында баяндама тыңдалды. Баяндама негізінде балаларға асық ойындарын оқу-тәрбие үдерісіне ата-аналармен, тәрбиешілермен бірлесе отырып жүзеге асырылсын.

3.Әрбір педагог баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тиімді әдіс-тәсілдер қолдану арқылы бақылау жүргізу жалғастырсын.

4.Дене шынықтыру нұсқаушыларымен бірлесіп, балалардың денсаулығын нығайту бойынша шаралар қолға алынсын.

Төрайым

Хатшы



№3 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

Тамыз

Тақырыбы: «Заттық-кеңістік ортаны ұйымдастыру арқылы балалардың танымдық қабілеттерін жетілдіру»

Өткізу формасы: Нұсқаушы

№	Мазмұны	Негіздеме	Жауаптылар
1	Өткен педагогикалық кеңес шешімінің орындалуына есеп беру.	№1 педкеңес шешімі	Директор Әдіскер
2	«Баланың шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамытудағы заттық-дамытушы ойын ортасының маңызы» тақырыбындағы баяндама (У.М. Ақжігітова).	Баяндама	тәрбиеші
3	Серуенді іске асыру және ұйымдастыру бойынша бақылау парақтарының нәтижесі (ересек, мектепалды топтары).	Бақылау	Әдіскер
4	«Әжелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі» жұмыстарын ұйымдастырудың нәтижесі (ересек топ).	Бақылау анықтамасы	Директор Әдіскер
5	«Жасыл балабақша» экологиялық жобасын өткізу нәтижесі.	Бақылау анықтамасы	Директор Әдіскер

ЖК «Айша» балабақшасы

№3 ХАТТАМА

10.03.2026 жыл

№3 педагогикалық кеңес

Торайымы: Ақжигитова У.М

Хатшы: Ақпанбаева Ж.А

Қатысқандар: 10

Қатыспағаны: 0

Тақырыбы:

«Заттық-кеңістік ортаны ұйымдастыру арқылы балалардың танымдық қабілеттерін жетілдіру»

Күн тәртібі:

1. Өткен педагогикалық кеңес шешімінің орындалуына есеп беру.
2. «Баланың шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамытудағы заттық-дамытушы ойын ортасының маңызы» тақырыбындағы баяндама (У.М. Ақжигитова).
3. Серуенді іске асыру және ұйымдастыру бойынша бақылау парақтарының нәтижесі (ересек, мектепалды топтары).
4. «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі» жұмыстарын ұйымдастырудың нәтижесі (ересек топ).
5. «Жасыл балабақша» экологиялық жобасын өткізу нәтижесі.

1-мәселе бойынша

Тындалды:

Балабақша директоры Ақжигитова У. өткен педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысына жан-жақты талдау жасады. Өз баяндамасында барлық жоспарланған іс-шаралардың бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес және белгіленген мерзімдерде толық көлемде ұйымдастырылып, жүзеге асырылғанын атап өтті. Сонымен қатар, педагогтердің оқу-тәрбие процесінде заманауи білім беру технологияларын, инновациялық әдіс-тәсілдер мен тиімді педагогикалық тәжірибелерді кеңінен қолданып отырғаны айтылды. Бұл жұмыстардың тәрбиеленушілердің танымдық белсенділігін арттыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және оқу қызметіне қызығушылығын күшейтуге оң әсер еткені көрсетілді.

Сондай-ақ ата-аналармен өзара ынтымақтастықты нығайту мақсатында түрлі форматтағы іс-шаралар, ашық оқу қызметтері, кеңестер, тренингтер және

мерекелік шаралар жүйелі түрде ұйымдастырылғаны айтылды. Ата-аналардың балабақша өміріне белсенді қатысу деңгейі артқаны және кері байланыстың тұрақты жолға қойылғаны ерекше атап өтілді.

Баяндама барысында заттық-дамытушы ортаны жаңарту жұмыстары кезең-кезеңімен жүзеге асырылып жатқаны, топ бөлмелерінің талапқа сай жабдықталғаны, оқу және ойын құралдарының толықтырылып, қауіпсіз әрі қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру бағытында бірқатар жұмыстар атқарылғаны баяндалды. Жалпы алғанда, өткен педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің басым бөлігі толық орындалғаны және жоспарланған жұмыстардың сапалы іске асырылғаны қорытындыланды.

Сөз сөйледі:

Тәрбиеші Ақпанбетова А. сөз алып, өткен педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу нәтижелеріне жалпы алғанда қанағаттанарлық баға берді. Ол ұжымның бірлескен еңбегінің нәтижесінде жоспарланған жұмыстардың уақытылы әрі сапалы орындалғанын атап өтіп, бұл көрсеткіштердің балабақшадағы оқу-тәрбие процесінің тиімді ұйымдастырылып жатқанын дәлелдейтінін айтты.

Сонымен қатар, әдіскер кейбір бағыттар бойынша жұмысты одан әрі жетілдіру қажеттігіне назар аударды. Атап айтқанда, педагогтердің кәсіби шеберлігін үздіксіз арттыру, цифрлық білім беру ресурстарын кеңінен пайдалану, тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктерін ескере отырып оқыту мен тәрбиелеуді жетілдіру, сондай-ақ ата-аналармен серіктестікті жаңа деңгейде ұйымдастыру бойынша ұсыныстарын білдірді.

Тәрбиешілер өз сөздерінде атқарылған жұмыстар туралы есеп беріп, оқу жылы барысында жинақтаған тәжірибелерімен бөлісті. Олар ұйымдастырылған ашық оқу қызметтері, шығармашылық жобалар, тәрбиелік іс-шаралар мен ата-аналармен бірлескен жұмыстардың нәтижесінде тәрбиеленушілердің білім, білік және дағдыларының жақсарғанын, шығармашылық және танымдық белсенділіктерінің артқанын атап өтті. Сонымен қатар әріптестер өздерінің тиімді жұмыс тәсілдерімен бөлісіп, алдағы уақытта тәжірибе алмасу жұмыстарын жалғастырудың маңыздылығын жеткізді. Кеңес соңында алдағы кезеңге арналған міндеттер айқындалып, қабылданған шешімдерді сапалы орындау бағытында бірлесіп жұмыс жүргізу қажеттігі айтылды.

2-мәселе бойынша

Тыңдалды:

У.М. Ақжігітова «Баланың шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамытудағы заттық-дамытушы ойын ортасының маңызы» тақырыбында баяндама жасады.

Баяндамада топтағы заттық-кеңістік ортаның бала дамуына әсері, қауіпсіз, қолжетімді әрі қызықты ойын ортасын ұйымдастыру жолдары айтылды. Танымдық бұрыштар, тәжірибе жасау аймақтары, құрылыс ойындары, ұлттық ойын материалдары және шығармашылық орталықтардың балалардың зерттеушілік қабілеттерін дамытудағы маңызы жан-жақты түсіндірілді.

Сөз сөйледі:

Әдіскер баяндаманың өзектілігін атап өтіп, әр топта дамытушы ортаны мемлекеттік стандарт талаптарына сай толықтыруды ұсынды. Ойын арқылы балалардың танымдық белсенділігі артқанын тәжірибеден мысалдар келтіре отырып айтты. Заттық-дамытушы ортаны жыл мезгіліне және тақырыптарға сәйкес үнемі жаңартып отырудың тиімділігіне тоқталды.

3-мәселе бойынша

Тыңдалды:

Әдіскер ересек және мектепалды топтарындағы серуенді ұйымдастыру бойынша жүргізілген бақылау нәтижелерімен таныстырды.

Бақылау барысында серуеннің құрылымы сақталғаны, бақылау, қимылды ойындар, еңбек әрекеті, жеке жұмыстардың жүйелі ұйымдастырылғаны анықталды. Сонымен қатар кейбір топтарда табиғатты бақылауға арналған құралдарды көбейту және зерттеу әрекеттерін жетілдіру қажеттілігі айтылды.

Сөз сөйледі:

Ересек топ тәрбиешісі серуен барысында табиғи материалдарды пайдалану арқылы балалардың танымдық қызығушылығы артқанын айтты.

Мектепалды топ тәрбиешісі балалардың бақылау, салыстыру, қорытынды жасау дағдыларының қалыптасуына серуеннің ықпалы зор екенін атап өтті.

4-мәселе бойынша

Тыңдалды:

Ересек топ тәрбиешісі «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі» жұмыстарының жылдық қорытындысын баяндады. Жыл бойы жоспарға сәйкес ұлттық тәрбие, отбасылық құндылықтарды насихаттау, еңбекке баулу, салт-дәстүрді дәріптеу бағытында түрлі кездесулер, шеберлік сағаттары, мерекелік және танымдық іс-шаралар ұйымдастырылғаны айтылды.

«Әжелер мектебі» аясында ұлттық салт-дәстүрлер мен тәрбиелік әңгімелер өткізілсе, «Аналар мектебінде» бала тәрбиесі, шығармашылық жұмыстар және отбасылық қарым-қатынасты нығайту бағытындағы іс-шаралар

ұйымдастырылды. «Әкелер мектебінде» еңбекке баулу, спорттық сайыстар және патриоттық тәрбиеге арналған кездесулер өткізілді.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде ата-аналардың балабақша жұмысына белсенділігі артып, отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастық нығайғаны, балалардың ұлттық құндылықтарға қызығушылығы артқаны атап өтілді.

Сөз сөйледі:

Әдіскер аталған жұмыстардың тәрбиелік маңызы жоғары екенін айтып, бұл тәжірибені басқа топтарға да енгізуді ұсынды. Сонымен қатар ата-аналармен бірлескен жұмысты жаңа форматтағы іс-шаралар арқылы жалғастыру қажеттігін атап өтті.

Тәрбиешілер ұйымдастырылған кездесулер мен іс-шараларға ата-аналардың қызығушылығы мен белсенділігі артқанын айтты. Бірлескен жұмыстардың балалардың тәрбиесіне, ата-аналармен серіктестікті нығайтуға және балабақша жұмысының тиімділігін арттыруға оң әсер еткенін атап өтті.

5-мәселе бойынша

Тыңдалды:

Жауапты педагог «Жасыл балабақша» экологиялық жобасының жүзеге асырылуы туралы есеп берді.

Жоба аясында ағаш көшеттерін отырғызу, гүлдерді күтіп-баптау, табиғатты қорғау акциялары, экологиялық сабақтар мен тәжірибелік жұмыстар өткізілгені айтылды. Балалардың табиғатқа қамқорлық жасау, еңбек ету, қоршаған ортаны қорғау мәдениеті қалыптаса бастағаны атап өтілді.

Сөз сөйледі:

Педагогтер жобаның тиімділігі туралы пікірлерін білдіріп, экологиялық жұмыстарды жыл бойы жалғастыру қажеттігін ұсынды.

Шешім

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Барлық топтарда заттық-дамытушы ортаны балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес толықтыру және жаңарту жұмыстары тұрақты жүргізілсін.
3. Серуенді ұйымдастыру барысында зерттеушілік, бақылау және тәжірибелік жұмыстардың үлесі арттырылсын.
4. «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі» тәжірибесі барлық топтарда жалғастырылып, ата-аналардың белсенді қатысуы қамтамасыз етілсін.

5. «Жасыл балабақша» экологиялық жобасы жылдық жоспарға сәйкес жалғастырылып, әр топта экологиялық тәрбие жұмыстары жүйелі ұйымдастырылсын.
6. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау әдіскерге жүктелсін.

Төрайымы: _____

Хатшысы: _____



№4 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

Тамыз

Тақырыбы: «2025–2026 оқу жылының оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы»

Өткізу формасы: Нұсқаушы

№	Мазмұны	Негіздеме	Жауаптылар
1	1. 2025–2026 оқу жылының қорытындысы	№1 педкеңес шешімі	Директор Әдіскер
2	Балалардың еркін түрде шығармашылық іс-әрекетін дамыту, эстетикалық талғамын шыңдау деңгейі.	Баяндама	тәрбиеші
3	Қорытынды ұйымдастырылған іс-әрекеттердің нәтижесі.	Қорытынды	Әдіскер
4	Жазғы сауықтыру шараларының жоспарын бекіту.	Бақылау анықтамасы	Директор Әдіскер
5	Екінші жарты жылдықтағы топтардың ұйымдастырылған іс әрекет бақылау парағы нәтижесінің қорытындысы.	Бақылау анықтамасы	Директор Әдіскер
6	«Баланың мектепке дайындығы» тренингінің қорытындысы.	Тренинг	Психолог

«Айша» бөбекжай-балабақшасы

№4 ХАТТАМА

05.06.2025 жыл

№4 педагогикалық кеңес

Төрайымы: Акжигитова У.М

Хатшы: Ақпанбетова А.Ж

Қатысқандар: 10

Тақырыбы: 2025–2026 оқу жылының оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы

Күн тәртібі:

1. 2025–2026 оқу жылының қорытындысы.
2. Балалардың еркін түрде шығармашылық іс-әрекетін дамыту, эстетикалық талғамын шыңдау деңгейі.
3. Қорытынды ұйымдастырылған іс-әрекеттердің нәтижесі.
4. Жазғы сауықтыру шараларының жоспарын бекіту.
5. Екінші жарты жылдықтағы балалардың тәрбие мен білім алу дағдыларының қалыптасуының мониторингісі. Жеке даму карталарын базаға жүктеу.
6. «Баланың мектепке дайындығы» тренингінің қорытындысы.

1-мәселе бойынша

Тыңдалды:

Балабақша директоры Акжигитова У. 2025–2026 оқу жылының қорытындысы бойынша баяндама жасады. Жылдық жоспарға сәйкес оқу-тәрбие жұмыстары толық орындалғанын, мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты талаптарының жүйелі жүзеге асырылғанын айтты. Педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру, балалардың жан-жақты дамуына қолайлы орта қалыптастыру және ата-аналармен серіктестікті нығайту бағытында нәтижелі жұмыстар жүргізілгені баяндалды.

Сөз сөйледі:

Әдіскер оқу жылының қорытындысына оң баға беріп, жылдық жоспар аясында белгіленген міндеттердің толық орындалғанын атап өтті. Педагогтердің оқу-тәрбие үдерісінде заманауи педагогикалық технологияларды, тиімді әдіс-тәсілдерді және цифрлық білім беру ресурстарын қолдану нәтижесінде тәрбиеленушілердің білім сапасы мен танымдық белсенділігі артқанын айтты. Сонымен қатар жаңа оқу жылында

педагогтердің кәсіби шеберлігін жетілдіру, тәжірибе алмасу жұмыстарын жандандыру және озық педагогикалық тәжірибелерді кеңінен енгізу қажеттігіне тоқталды.

Тәрбиешілер оқу жылы барысында атқарылған жұмыстардың нәтижелерімен бөлісіп, балалардың шығармашылық, танымдық және коммуникативтік дағдыларының дамуына оң өзгерістер байқалғанын айтты. Сондай-ақ ата-аналармен жүргізілген бірлескен жұмыстардың тиімді болғанын және алдағы оқу жылында бұл бағыттағы жұмысты одан әрі жетілдіруге дайын екендіктерін білдірді.

2-мәселе бойынша

Тыңдалды:

Әдіскер балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және эстетикалық талғамын қалыптастыру бағытында жүргізілген жұмыстардың нәтижесіне тоқталды. Жыл бойы сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, музыка және театрландырылған ойындар арқылы тәрбиеленушілердің шығармашылық белсенділігі артқаны айтылды.

Сөз сөйледі:

Тәрбиешілер шығармашылық орталықтардың тиімді ұйымдастырылғанын және балалардың көрмелер мен мерекелік шараларға белсенді қатысқанын атап өтті.

3-мәселе бойынша

Тыңдалды:

Әдіскер қорытынды ұйымдастырылған іс-әрекеттердің нәтижесіне жан-жақты талдау жасады. Талдау барысында балалардың оқу бағдарламасын меңгеру деңгейі жақсы көрсеткіш көрсеткені, тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларының қалыптасқаны айтылды. Балалардың танымдық белсенділігі, шығармашылық қабілеті, тілдік қарым-қатынасы және әлеуметтік дағдыларының дамуында оң нәтижелер байқалғаны атап өтілді. Сонымен қатар қорытынды ұйымдастырылған іс-әрекеттер барысында қолданылған тиімді педагогикалық әдіс-тәсілдердің оқу-тәрбие жұмысының сапасын арттыруға ықпал еткені баяндалды.

Сөз сөйледі:

Тәрбиешілер оқу жылы барысында қолданылған тиімді әдіс-тәсілдердің, ойын технологияларының, шығармашылық тапсырмалар мен зерттеу жұмыстарының оң нәтиже бергенін айтып, өз тәжірибелерімен бөлісті. Олар

балалардың оқу іс-әрекетіне қызығушылығының артқанын, өз ойын еркін жеткізу, тапсырмаларды өз бетінше орындау және бірлесіп жұмыс жасау дағдыларының қалыптасқанын атап өтті. Сонымен қатар келесі оқу жылында да тиімді тәжірибелерді жалғастырып, оқу-тәрбие жұмысының сапасын одан әрі арттыруға ұсыныстар білдірді.

4-мәселе бойынша

Тыңдалды:

Директор Аюкигитова У.М жазғы сауықтыру шараларының жоспарын таныстырып, алдағы жаз мезгілінде тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайтуға бағытталған жұмыстардың мазмұнына тоқталды. Жоспарда балалардың денсаулығын сақтау, шынықтыру шараларын ұйымдастыру, қауіпсіздік ережелерін сақтау, қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру және таза ауада серуендеу жұмыстарын тиімді ұйымдастыру қарастырылғаны айтылды.

Сонымен қатар жазғы кезеңде балалардың қызығушылығын арттыру мақсатында табиғат аясындағы танымдық іс-шаралар, спорттық ойындар, шығармашылық жұмыстар, көңілді эстафеталар, ойын-сауық шаралары және мәдени-сауықтыру бағытындағы жұмыстар жоспарланғаны баяндалды. Тәрбиешілердің балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, олардың белсенді демалуына, қауіпсіз орта қалыптастыруына және жағымды көңіл күймен уақыт өткізуіне жағдай жасау қажеттігі атап өтілді.

Сөз сөйледі:

Әдіскер жаз мезгілінде балалардың өмірі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлу керектігін айтты. Серуен кезінде қауіпсіздік талаптарын сақтау, күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру, сауықтыру шараларын жүйелі өткізу және балалардың денсаулығын бақылау бойынша ұсыныстар берді. Сонымен қатар жазғы сауықтыру кезеңінде тәрбиелік және дамытушылық жұмыстарды қызықты форматта ұйымдастыру қажеттігін атап өтті.

Тәрбиешілер жоспарға өз ұсыныстарын енгізіп, жазғы кезеңде өткізілетін іс-шаралардың мазмұнын толықтыру бойынша пікірлерін білдірді. Олар балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, қимыл белсенділігін арттыру және ата-аналармен бірлескен жұмыстарды ұйымдастыру бағытында ұсыныстарын айтты. Жоспарланған жұмыстарды сапалы орындау арқылы балалардың жазғы демалысын мазмұнды әрі қауіпсіз өткізуге мүмкіндік жасалатыны атап өтілді.

5-мәселе бойынша

Тыңдалды:

Әдіскер екінші жарты жылдықтағы балалардың тәрбие мен білім алу дағдыларының қалыптасуы бойынша мониторинг қорытындысын таныстырды. Мониторинг нәтижелері бойынша балалардың даму

көрсеткіштері талданып, жеке даму карталары уақытылы толтырылғаны және электрондық базаға жүктелгені айтылды.

Сөз сөйледі:

Тәрбиешілер мониторинг нәтижелерінің балалардың жеке даму ерекшеліктерін анықтауда маңызды болғанын атап өтті.

6-мәселе бойынша

Тыңдалды:

Педагог-психолог «Баланың мектепке дайындығы» тренингінің қорытындысы туралы баяндама жасады. Тренинг барысында мектепалды даярлық топ тәрбиеленушілерінің психологиялық, танымдық, әлеуметтік және эмоционалдық дайындығы бағаланғаны айтылды. Балалардың мектепке деген қызығушылығы, жаңа ортаға бейімделу қабілеті, қарым-қатынас дағдылары және тапсырмаларды орындау белсенділігі сараланғаны баяндалды.

Сонымен қатар ата-аналарға балаларды мектепке дайындау, оқу әрекетіне жағымды көзқарас қалыптастыру, күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру және баланың өзіне деген сенімділігін арттыру бойынша кеңестер берілгені айтылды. Тренинг нәтижесінде балалардың мектепке бейімделуіне қажетті дағдылары қалыптасып, ата-аналар мен педагогтер арасындағы өзара байланыс нығайғаны атап өтілді.

Сөз сөйледі:

Әдіскер мектепке даярлық жұмыстарының сапалы жүргізілгенін атап өтіп, балалардың мектепке психологиялық және педагогикалық тұрғыдан дайын болуына бағытталған жұмыстардың маңыздылығын айтты. Сонымен қатар ата-аналармен бірлескен жұмыстарды, кеңестер мен кездесулерді алдағы уақытта да жалғастыру қажеттігін ұсынды.

Тәрбиешілер тренинг барысында жүргізілген жұмыстардың нәтижелі болғанын, балалардың мектепке деген қызығушылығы артып, өздерін еркін ұстау, тапсырмаларды орындау және қарым-қатынас жасау дағдыларының жақсарғанын айтты. Алдағы уақытта да мектепке даярлық бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру қажеттігін атап өтті.

Шешімі:

1. 2025–2026 оқу жылының оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Педагогтердің кәсіби шеберлігін жетілдіру, инновациялық педагогикалық технологияларды тиімді қолдану және білім беру сапасын арттыру жұмыстары келесі оқу жылында да жалғастырылсын.
3. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, эстетикалық талғамын қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жүйелі түрде ұйымдастырылсын.

